

2021 жылғы IV тоқсан бойынша ЖЕКЕ ТҰЛҒАЛАР ДЕПОЗИТТЕРІ НАРЫҒЫНА ҚЫСҚАША АҚПАРАТТЫҚ ШОЛУ

2021 жылғы Қазақстан Республикасындағы экономикалық белсенділіктің оң серпіні халықтың жинақ белсенділігіне де оң әсерін тигізді. Депозиттік өнімдер халықтың жинақтарын сақтау мен арттырудың ең тартымды құралы болып қала береді.

Сонымен, 2021 жыл бойы халықтың жинақтау бойынша белсенділігі оң болып қалды, ал жыл қорытындысы бойынша өсу қарқыны 2020 жылғы деңгейден асып түсті (+22.7%, ал өткен жылғы деңгей -17.4%). Бұдан бұрын кейінге қалдырылған сұраныс аясында тұтынушылық белсенділіктің күрт өсуін көрсете алған өсу қарқынының баяулауы 2021 жылғы 3-тоқсанда сипатталды. АҚШ доллары бағамының өсуі аясында көрсетілген уақыт кезеңінде инфляциялық күтудің жоғары деңгейі қосымша тежеуші факторға айналып, нәтижесінде халық барлығын алдын ала сатып алуға кірісті немесе аса қымбат тауарлардың пайдасына артықшылық бере бастауы әбден мүмкін. Соған қарамастан, ақша-кредит саясаты жөніндегі сараланған шешімдер соңында елдің депозиттік нарығын теңдестірді.

Жеке тұлғалар депозиттері нарығының даму серпіні

2021 жылдың соңына таман жеке тұлғалардың депозиттерге кепілдік беру жүйесіне қатысушы банктердегі (бұдан әрі - ДКБЖ) депозиттерінің жиынтық көлемі 13,4 трлн теңге болды. Бұл ретте өсім абсолютті көрсеткіште 2,5 трлн теңге немесе 22.7% (2020 жылы 1,6 трлн теңге немесе 17.4%) (1-сурет).


Валюталық қайта бағалауды есепке алмағанда (бағам 2020 жылдың соңындағы деңгейде тіркелген) жеке тұлғалар депозиттерінің өсуі 21.7% (2020 жылы +13.1%; 2019 жылы +6.5%) болды.

Елдің ақша массасының құрамында (КРҰБ¹ деректері бойынша) халық депозиттерінің үлесіне 44.1% (2020 жылы 43.3%) тиесілі (2-сурет). Бұл ретте жиынтық ақша массасының жылдық өсу көрсеткіштерінде (М3) (01.01.2022 жылға 20.8%) халық депозиттерінің үлесі 9.9% (01.01.2021 жылға 7.6%) болды (3-сурет).

Өткен жылы халықтың теңгедегі депозиттерінің өсімі 2,1 трлн теңге немесе 30.9% (1,3 трлн теңге немесе 2020 жылы 23.6%) болды (4-сурет). Теңгедегі депозиттердің негізгі өсімі 2021 жылғы 1-тоқсанда, ең азы 3-тоқсанда байқалды. Нәтижесінде жалпы жылдық өсудің 28.2%-ын 1-тоқсанда теңгедегі депозиттердің өсуі қамтамасыз етті (4-сурет).

Халықтың теңгелік баламадағы валюталық депозиттерінің көлемі 2021 жылдың қорытындысы бойынша 418.0 млрд теңгеге немесе 9.9%-ға (2020 жылы +341,5 млрд теңге немесе 8.8%) өсті. Нәтижесінде валюталық депозиттердің теңгелік баламадағы жиынтық көлемі 2022 жылдың басындағы жағдай бойынша 4,6 трлн теңгені құрады. АҚШ долларымен көрсетілген валюталық депозиттердің серпіні 2021 жылдың қорытындысы бойынша оң болып, +713,3 млн АҚШ доллары немесе 7.1% (2020 жылы -145,7 млн АҚШ доллары немесе -

1-сурет. Жеке тұлғалар депозиттерінің динамикасы



2-сурет. Ақша массасының құрылымы (М3)



3-сурет. Ақша массасының динамикасы (М3). Компоненттердің үлесі



¹ Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі

1.4%) болды (3-сурет). Жалпы, валюталық депозиттер бойынша (АҚШ долларында) 2021 жыл бойы 1-тоқсанның қорытындысын (-1.1%) қоспағанда, оң серпін байқалады (5-сурет).

2021 жылдың қорытындысы бойынша жеке тұлғалар депозиттері бойынша шоттар саны 20.8%-ға (2020 жылы +27.2%) ұлғайды. Негізгі өсім (98.4%) 1 млн теңгеге дейінгі депозиттік және карт шоттар санының ұлғайуына тиесілі. 4-тоқсанда теңгелік шоттардың өсу шыңы (+5.0%) байқалады. Ең төменгі көрсеткіш (+3.0%) 3-тоқсанда тіркелген.

Валюталық шоттар бір жыл ішінде 72.1%-ға өсті. Жыл бойы тоқсан сайын біртіндеп өсіп келе жатқан оң үрдіс сақталғанын атап өткен жөн. Бұл ретте валюталық шоттардың өсу шыңы (+17.4%) теңгелік шоттар сияқты 2021 жылғы 4-тоқсанда байқалды.

Осыған қарамастан, теңгелік шоттардың өсу қарқынының абсолюттік көрсеткіштері валюталық шоттарға қарағанда бұрынғысынан едәуір алда келеді (теңгедегі +13.6 млн шотқа қарсы валютадағы 4.6 млн шот).

Жеке тұлғалардың салымдарындағы өзгерістердің жалпы серпінін бағалау әлі де болса ұлттық валютадағы салымдардың өсуі арқылы айтарлықтай өсуге қол жеткізіледі деген қорытынды жасауға мүмкіндік береді. Теңгелік салымдар халық үшін барынша тартымды болып қалуда. Бұл ретте бірінші және екінші тоқсандармен салыстырғанда тұрғын үй жағдайларын жақсарту үшін зейнетақы жинақтарын ішінара пайдалану әсерінің әлсіреуіне қарай ұлттық валютадағы салымдардың өсуі қысқарды және халықтың депозиттік банк өнімдерін пайдалану бойынша, оның ішінде ҚРҰБ ақша-кредит саясатын ескере отырып қалыптасатын айқын болмысын көрсетеді.


Депозиттерді сегменттер бойынша орналастыру құрылымы

- Бұқаралық сегмент – 15 млн теңгеге дейін қалдық ақшасы бар депозиттер.
- Орташа сегмент – 15 млн теңгеден 50 млн теңгеге дейін қалдық ақшасы бар депозиттер.
- Ірі сегмент – 50 млн теңгеден асатын қалдық ақшасы бар депозиттер.


2021 жылдың қорытындысы бойынша депозиттердің құрылымы сегменттер бойынша былайша қалыптасты: бұқаралық сегмент 54.8% (2020 жылы 55.1%), орташа сегмент 13.5% (2020 жылы 12.2%), ірі сегмент 31.6% (2020 жылы 32.8%) (6-сурет).

2021 жылы өсім депозиттердің барлық үш сегментінде байқалады: бұқаралық сегмент +22.2%; орташа сегмент +36.4% және ірі сегмент +18.5% (7-сурет). Бұл ретте, депозиттердің құрылымы сегменттер бойынша жылдық өсу


4-сурет. Жеке тұлғалар депозиттерінің құрылымының өзгеріс динамикасы



5-сурет. Валюталық депозиттердің өзгеру динамикасы



6-сурет. Жеке тұлғалардың депозиттері сегменттерінің құрылымы



деңгейінің абсолюттік мәндері мынадай: бұқаралық сегмент (+1.3 трлн теңге); ірі сегмент (+662.7 млрд. теңге) және орташа сегмент (+484.9 млрд теңге). Аталған өсімге негізінен теңгелік депозиттер (жылдық өсімнің жалпы сомасында +83.2%) есебінен қол жеткізілді.

Теңгелік депозиттердің жылдық өсу деңгейі бойынша 2021 жылы салыстырмалы көрсеткіштерде орташа сегмент +54.2% (+410.5 млрд теңге) жетекші орын алады. Бұдан әрі ірі сегмент +33.0% (+359.7 млрд теңге) және бұқаралық сегмент 26.7% (+1,3 трлн теңге) (8-сурет).

Шетел валютадағы депозиттер сегментінде негізгі жылдық өсім орташа (+10,1%) және ірі (+9,3%) сегменттерінде болды (9-сурет).

2021 жылдың қорытындысы бойынша шетел валютасындағы депозиттердің ұлғаюуына негізгі үлесті +72.5% (+303.0 млрд теңге) ірі сегмент қосты. Бұл сегментте әлі де болса жоғары шоғырлану сақталуда. Одан әрі орташа сегмент +17.8% (+74.4 млрд теңге) және бұқаралық сегмент +9.7% (+40.6 млрд теңге).

2021 жылғы 3-тоқсанда бұқаралық сегментпен салыстырғанда әдеттен тыс өсу қарқыны орташа және ірі сегменттерде байқалды. Алайда, бұл ауытқулар шамалы деп бағаланады, өйткені олар бұқаралық сегменттің басымдығымен дәстүрлі түрде қалыптасқан құрылымды өзгертпейді.

Жалпы алғанда, сегменттер бойынша депозиттер құрылымы 2021 жыл бойы елеулі өзгерістерге ұшыраған жоқ.


Шоттар арасында 2021 жылдың қорытындысы бойынша негізгі өсім бұқаралық сегментте (+18,0 млн шот немесе +20.8%) және орта сегментте (+21,3 мың шот немесе +39.2%) байқалады. Депозиттер көлемінің өсу көрсеткіштерімен салыстырғанда шоттар санының өсуі мөлшерлес болып табылады.

Мерзімділік өлшемшарттары бойынша салымдарды орналастыру құрылымы


2021 жылдың соңында мерзімділік бойынша депозиттердің құрылымы былайша қалыптасты: мерзімсіз депозиттер – 59.3% (2020 жылы 63.4%), ағымдағы және карт шоттар – 17.6% (2020 жылы 15.3%), мемлекет субсидиялайтын депозиттер – 11.4% (2020 жылы 9.7%), жинақ депозиттері – 8.0% (2020 жылы 6.7%), мерзімділік шарттары бар депозиттер – 3.4% (4.6% 2020 жылы), талап етілгенге дейінгі салымдар 0.3% (2020 жылы 0.4%) (10-сурет).

2021 жылдың басынан бастап депозиттердің жалпы өсімі (22.7%; +2.5 трлн теңге) мерзімді депозиттерді қоспағанда, әрбір депозиттік өнімнің үлесі есебінен қол жеткізілді, ал мерзімді депозиттер өз кезегінде жыл қорытындысы бойынша қысқарды (жыл басынан бастап -8.8%). Алайда,


7-сурет. Жеке тұлғалардың депозиттері сегменттеріндегі өзгерістер




8-сурет. Теңгедегі депозиттер сегменттерінің өзгеруі



9-сурет. Шетел валютасындағы депозиттер сегменттерінің өзгеруі



10-сурет. Депозиттер құрылымы, трлн. теңге



жалпы депозиттік массада мерзімді депозиттердің үлесіне тек 3.4% ғана келетінін ескере отырып, бұл өзгерістер жалпы құрылымға елеулі әсер еткен жоқ.

Бұл ретте жалпы жылдық өсімде басым үлес мерзімсіз депозиттер мен ағымдағы/карт шоттарда сақталды (2021 жылдың қорытындысы бойынша жалпы өсімге салым 9.4% және 6.3%).

Халық үшін барынша тартымды теңгелік салымдардың негізгі бөлігін 48.5% мерзімсіз депозиттер (2020 жылдың соңында 54.0%) құрайды. Бұдан әрі ағымдағы және карточкалық шоттарды – 21.7% (20.1 жылдың соңына 2020%), мемлекет субсидиялайтын салымдарды – 17.5% (2020 жылдың соңына 15.8%) бөліп көрсетуге болады (11-сурет).

Валюталық салымдарда жалпы өсімнің 93.1%-ы (+9.9%; 2021 жылдың басынан бастап 418.0 млрд теңге) мерзімсіз салымдарға тиесілі. Бұл ретте салымдар бойынша ең жоғары өсу қарқыны ағымдағы/карт шоттар сегментінде байқалады (2021 жылдың басынан бастап +40.8%). Сонымен қатар, валютадағы жинақ депозиттері айтарлықтай қысқарды (жыл басынан бері -41.8%). Шетел валютасындағы жинақ салымдары бойынша төмендеу шегі 2021 жылғы 1-тоқсанға тиесілі. Аталған құрылымдық өзгерістер клиенттердің валюталық салымдардан түскен кіріс көзін неғұрлым кірісі көп салымдар пайдасына қайта қарауымен байланысты болуы мүмкін.


Болып жатқан өзгерістер нәтижесінде 2021 жылдың соңында тұрақты қорландырудың² үлесі барлық депозиттердің 12.8% (2020 жылдың соңында 12.5%) құрады (10-сурет). Негізгі өсім жинақ теңгелік депозиттердің ұлғаюы есебінен болды. Бұл ретте тұрақты теңгелік қорландыру үлесі 14.8%-ды (2020 жылы 11.9%), өсімнің негізгі үлесін 2021 жылдың екінші тоқсаны өсу шыңы болған жинақ салымдар құрады (11-сурет).

Ағымдағы/карт шоттар сегментінде 2021 жылы 41.3%-ға (2020 жылы +31.9%) айтарлықтай өскенін атап өткен жөн, оның өсу шыңы 4-тоқсанға тиесілі. Жеке тұлғалар депозиттік базасындағы осы арзан қорландыру үлесі (субсидияланатын депозиттерді қоспағанда) 26.3%-ды (2020 жылы 23.9%-ды, 2019 жылы 21.7%-ды) құрады.

Салымдардың долларлануы

Клиенттердің салымдарынан тұратын банктерді қорландыру базасы долларсыздандыру бойынша үрдісті көрсетуін жалғастырды. Өсу серпінінде 2021 жыл бойы долларлану деңгейі біртіндеп төмендей берді. Нәтижесінде 2021 жылдың соңында депозиттердің долларлануы 34.6%-ды құрады, бұл 2020 жылдың қорытындысы бойынша 38.7%-ға қарсы болды.

11-сурет. Теңгелік депозиттер құрылымы, трлн. теңге



² Сыйақыны мемлекет субсидиялайтын депозиттерді шегергендегі мерзімді және жинақ депозиттердің жиынтығы

Бұл ретте бағамға түзетілген долларлану³ жыл қорытындысы бойынша 2.3 пайыздық тармаққа төмендеді және 2022 жылғы 1 қаңтарда тиісінше 34.1%-ды құрады (12-сурет).

2022 жылдың басындағы жағдай бойынша, әрбір сегменттің үлесі шеңберінде жалпы долларлану құрылымы мынадай түрде көрінеді: ірі сегмент - 20.8% (2020 жылы 22.8%), орташа сегмент - 4.8% (2020 жылы 5.3%), бұқаралық сегмент - 9.0% (2020 жылы 10.7%).

Нәтижесінде сегменттердің долларландыру деңгейі бойынша 2021 жылдың соңына қарай былайша қалыптасты: ірі сегмент - 65.8% (2020 жылы 69.5%), орташа сегмент – 35.7% (2020 жылы 43.1%), бұқаралық сегмент – 16.4% (2020 жылы 19.4%) (13-сурет).

2021 жыл бойы долларландырудың жоғары деңгейі бойынша жетекші орын ірі сегментте берік сақталып келді. Валюта бағамының құбылмалылығы жағдайында бұл сегмент дәстүрлі түрде валюталық депозиттерді ұзақ мерзімді перспективада «қауіпсіздік қорын» өсіру құралы ретінде қарастырады. Долларландырудың ең төменгі деңгейі бұқаралық сегментте қалып отыр (депозиттер бойынша қалдықтар 15 млн теңгеден аспайды). Халықтың кең ауқымы үшін кірістіліктің неғұрлым жоғары деңгейімен сипатталатын теңгелік депозиттерге деген жоғары қызығушылық бұрынғысынша сақталып отыр.


Бұл ретте 2021 жылдың нәтижелері бойынша әрбір сегментте АҚШ долларымен көрсетілген валюталық салымдар сомасының серпіні былайша қалыптасты: орташа сегмент +10.1%, ірі сегмент +9.3%, бұқаралық сегмент +0.9%.

Мерзімділік критерийлері бойынша 2021 жылдың қорытындысы бойынша ең жоғары долларландыру мерзімді салымдарда – 86.1% (2020 жылдың соңына 90.7%), талап етілгенге дейінгі депозиттерде - 86.0% (2020 жылдың соңына 85.6%) және мерзімсіз салымдарда – 46.5% (2020 жылдың соңына 47.8%) байқалады. Долларландырудың төмен дәрежесі жинақ салымдары сегментінде – 5.9% (2020 жылдың соңына 14.6%) және ағымдағы/карт шоттар сегментінде – 19.2% (2020 жылдың соңына 19.3%) (14-сурет).


Сыйақы мөлшерлемесі

Депозиттің түрі мен мерзіміне байланысты депозиттер бойынша ең жоғары мөлшерлемелердің мөлшері ҚРҰБ базалық мөлшерлемесінің немесе нарықтық мөлшерлемесінің (банктер жаңадан тартқан депозиттер бойынша орташа алынған сыйақы мөлшерлемесінің) негізінде айқындалады. Мерзімді емес депозиттер бойынша, сондай-ақ 3 және 6 айға арналған мерзімді және жинақ депозиттер бойынша ең жоғары мөлшерлемелер базалық мөлшерлеме мен спред сомасы ретінде, 12 ай және одан астам мерзімге жинақ және


12-сурет. Салымдардың долларлануы



13-сурет. Сегменттердегі долларлану



14-сурет. Депозит түрлері бойынша долларлану



³ Барлық кезеңде валюталық қайта бағалаудың әсерінсіз мәндерді есептеудегі базалық бағам ретінде 2020 жылдың соңында қалыптасқан бағам мәні қабылданады

мерзімді депозиттер бойынша нарықтық мөлшерлеме мен спред сомасы ретінде айқындалады.

2021 жыл ішінде ҚРҰБ базалық мөлшерлемені көтеру туралы шешімді үш рет қабылдады.

Бірінші шешім инфляцияның іске асырылған тәуекелдері аясында 2021 жылғы 26 шілдеде қабылданды. ҚРҰБ базалық мөлшерлеменің деңгейін 9.25%-ға дейін ұлғайту бойынша шешім қабылдады.

Кейінірек, ұсыныстан сұраныстың озыңқы қалпына келуі кезінде және маусымаралық ішкі экономикалық күйзелістерді ескере отырып, бағаның жалпы әлемдік үдеуі аясында 2021 жылғы 13 қыркүйекте базалық мөлшерлеме 9.5%-ға дейін көтерілді.


Қыркүйек және қазан айларында инфляция ең жоғары деңгейге жетіп, жылдық 8.9% болды. Осы жағдайды ескере отырып, ҚРҰБ дезинфляциялық ақша саясатын жалғастырды және 25 қазанда ҚРҰБ тарапынан базалық мөлшерлемені 9.75%-ға дейін одан әрі арттыру туралы шешім қабылдады.

Депозиттік нарықтағы ағымдағы ахуалды талдауды ескере отырып, базалық мөлшерлеменің артуынан кейін 2021 жылғы шілдеден бастап ҚДКҚ қысқа мерзімді жинақ және мерзімді депозиттер бойынша өсу жағына қарай 2021 жылғы қыркүйек пен қарашаға сыйақының ең жоғары мөлшерлемелерін екі рет қайта қарады. Қараша айында мерзімді емес депозиттер бойынша мөлшерлемелер де көтерілді.


Нарық бұл өзгерістерге жауап берді. Дәстүрлі түрде мерзімді емес депозиттер бойынша, сондай-ақ 3 және 6 айға арналған мерзімді және жинақ депозиттері бойынша нарықтық мөлшерлемелер ақша-кредит талаптарын қайта қарауға барынша сезімтал болып табылады. Осылайша, мерзімді депозиттер бойынша мөлшерлемелер жыл басынан бастап 0.6 пайыздық тармаққа, 6 айлық мерзімді депозиттер бойынша тиісінше 0.8 пайыздық тармаққа өсті (17-сурет). Сонымен қатар, мерзімсіз депозиттер бойынша мөлшерлемелердің өсуі аз ғана +0.1 пайыздық тармақ шамасында бағаланды (16-сурет). Бұл депозиттік өнім іс жүзінде бір кірістілік деңгейінде сақталып отырған кезде неғұрлым тартымды болып қала береді. Осыған байланысты бір жыл ішінде депозиттердің осы санаты бойынша мөлшерлемелерде елеулі өзгерістер байқалмайды.

Сонымен қатар, 2021 жылдың қорытындысы бойынша мерзімді депозиттер сегментіндегі нарықтық мөлшерлемелердің 24 ай мерзімге (-3.4 пайыздық тармақ) және жинақ депозиттерінің 6, 12 және 24 ай мерзіміне елеулі төмендеуі байқалады (2021 жылдың басында тиісінше -0.6 пайыздық тармаққа; -0.7 пайыздық тармаққа және -0.6 пайыздық тармаққа төмендеді) (18-сурет). Жинақ депозиттері сегментінде тұтастай нарықтағы динамиканы айқындайтын бірнеше банктерде шоғырланудың жоғары дәрежесі сақталатынын атап өткен жөн.


15-сурет. Валюта бағамына түзетілген депозиттердің динамикасы




16-сурет. Мерзімсіз салымдар бойынша сыйақы мөлшерлемесінің динамикасы



17-сурет. Мерзімді салымдар бойынша сыйақы мөлшерлемесінің динамикасы



18-сурет. Жинақ салымдары бойынша сыйақы мөлшерлемесінің динамикасы




Тиісті өзгерістер спред көрсеткішіне⁴ әсер етті. Жыл қорытындысы бойынша спредтің ең жоғары өзгерістері 24 айға мерзімді депозиттер сегментінде (+3.4 пайыздық тармақ) және 6 айға жинақ депозиттері сегментінде (+1.4 пайыздық тармақ), ал ең төмен өзгерістер 24 айға жинақ депозиттер (-0.4 пайыздық тармақ) және 3 айға мерзімді депозиттер бойынша (+0.2 пайыздық тармақ) тіркелген (14-сурет).

Жыл ішіндегі инфляция деңгейі көрсеткішінің өсуі нақты сыйақы мөлшерлемелеріне (нарықтық мөлшерлеме – инфляция) әсер етті. Ең теріс әсер 24 ай мерзіміне мерзімді депозиттер және 12 айға жинақ депозиттер сегментінде тіркелген (нақты мөлшерлемелер тиісінше 4.3 пайыздық тармаққа және 1.6 пайыздық тармаққа төмендеуі) (19-сурет).

Жалпы депозиттер халық үшін салымның неғұрлым тартымды құралы болып қала береді. Әлемдік ауқымда, сол сияқты ел ішінде сақталып отырған белгісіздік жағдайында халық депозиттерді сақтау және көбейту мақсатында қаражатты орналастыру үшін оларды негізгі құрал ретінде қарайды. Сонымен бірге, ағымдағы экономикалық жағдайларда ақша-кредит саясаты саласында мемлекет жүзеге асырған іс-шаралар инфляция тәуекелдерін толығымен жабуға мүмкіндік береді. Бұл жағдай халықтың депозиттері көлемінің өсу көрсеткіштерінде жақсы көрініс табады. Алайда, ең мобильді құралдардың пайдасына депозиттік өнімдер нарығында олар бойынша кірістілік көрсеткіштеріне байланысты емес кейбір теңгерімсіздік бұрынғысынша айқын болып қалуда. Алайда экономиканы одан әрі қалпына келтіру және жинақ депозиттері бойынша кепілдік берілген өтеудің ең жоғары сомасын 20 млн теңгеге дейін ұлғайтуға байланысты іс-шаралар ұзақ мерзімді қорландыру көлемін одан әрі өсіруге ықпал ететін болады.

19-сурет. Инфляция деңгейіне түзетілген депозиттер бойынша сыйақы мөлшерлемесінің динамикасы



⁴ Қалыптасқан нарықтық мөлшерлеме мен депозиттік өнімнің нақты түрі бойынша ең жоғары ұсынылатын мөлшерлеме арасындағы айырма